

**Әкімдіктің 2015 жылғы 29 сәуірдегі № 639 "Коммуналдық мүлікті иеліктен шығару түрлерін таңдау бойынша критерийлерді анықтау туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 18 қарашадағы № 1480 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 21 желтоқсанда № 6757 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 22 маусымдағы № 520 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 22.06.2020 № 520 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1174 "Жекешелендіру объектілерін сату қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" қаулысына сәйкес, Рудный қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Рудный қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 29 сәуірдегі № 639 "Коммуналдық мүлікті иеліктен шығару түрлерін таңдау бойынша критерийлерді анықтау туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5641 болып тіркелген, 2015 жылғы 12 маусымда "Рудненский рабочий" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

қазақ тіліндегі атауы жаңа редакцияда жазылсын:

"Коммуналдық мүлікті иеліктен айыру түрлерін таңдау жөніндегі өлшемшарттарды айқындау туралы", орыс тіліндегі атауы өзгермейді;

жоғарыда көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Рудный қаласы әкімінің экономикалық мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Рудный қаласының әкімі*

*Б. Ғаязов*

Рудный қаласы әкімдігінің  
2016 жылғы 18 қарашадағы  
№ 1480 қаулысына қосымша  
Рудный қаласы әкімдігінің

## Коммуналдық мүлікті иеліктен айыру түрлерін таңдау жөніндегі өлшемшарттар

р/ р №	Өлшемшарттардың атауы	Иеліктен айыру түрлері
1.	- Жекешелендіру объектісін әрі қарай бақылауға мемлекеттің мүддесінің болмауы; - заңнамамен белгіленген мерзімдерде жекешелендіру объектісін сатудан бюджетке ақшалай қаражатты алу қажеттілігі; - ең жоғары мүмкін баға бойынша жекешелендіру объектісін сату және сауда - саттыққа қатысушылардың кең тобын тарту қажеттілігі; - мемлекетке тиесілі бағалы қағаздарды оларды әрі қарай бақылауға мемлекеттің мүддесі болмаған кезде сату.	Сауданы аукцион нысанында өткізу
2.	- Заңнамамен белгіленген мерзімдерде жекешелендіру объектісін сатудан бюджетке ақшалай қаражатты алу қажеттілігі; - сату шарттарын белгілеу жолымен белгілі бір уақыт ішінде жекешелендіру объектісін мемлекеттің бақылауында сақтау қажеттілігі; - ең жоғары ықтимал баға бойынша жекешелендіру объектісін сату қажеттілігі; - сату шарттарын белгілеу жолымен белгілі бір уақыт ішінде жекешелендіру объектісін мемлекеттің бақылауында сақтау қажеттілігі болған жағдайда мемлекетке тиесілі бағалы қағаздарды сату.	Сауданы тендер нысанында өткізу
3.	- Сенімгерлік басқарудың, сенімгер басқарушымен, жалға алушымен (жалдаушымен) кейін сатып алу құқығымен мүліктік жалға (жалдауға) беру шартының талаптарын орындау үшін мемлекеттің бақылауын белгілі бір уақыт ішінде сақтау қажеттілігі.	Тікелей атаулы сату